

«БЕКІТЕМІН»
Алматы қ. КДСБ ШЖҚ «№17 ҚЕ» КМК
бас дәрігері
А.Тәжиева
2022ж.



**ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК
СЫБАЙЛАС ЖЕМКОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТТАРЫ**

- 1. Қоғамдық қатынас саласындағы атауы:** денсаулық сақтау.
- 2. Сыбайлас жемкорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы:** ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК.
- 3. №17 Қалалық емхана қызметкерлерінің іс-әрекетінің (әрекеті) ережесі:**
 - 3.1. Сыбайлас жемкорлыққа қарсы стандарттарға қатысты саладағы жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мүдделерін жүзеге асыру кезінде:**
 - Қазақстан Республикасының Конституциясы, зандары мен баска да нормативтік-құқықтық актілерінің зандылығының, әдептілігінің, талаптарының қағидаларын басшылыққа алу, сыбайлас жемкорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау;
 - азаматтар мен занды тұлғалардың құқықтарын, еркіндігін және занды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз ету;
 - азаматтардың өтініш-хаттарын белгіленген заңнамаға сәйкес тәртінте және мерзімде қарастыру, олар бойынша қажетті шараларды қабылдау;
 - қарастырылмаған құжаттардың талап етілуіне жол бермеу, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету барысында қандай да бір сарсанға салуға (бюрократиялыққа) жол бермеу;
 - лауазымдық өкілеттілігін жүзеге асыру кезінде саяси партиялар, қоғамдық және діни бірлестіктер қызметінен тәуелсіз болу және әділдік таныту;
 - тұрғындардың тұтынушы ретінде мемлекеттік қызмет көрсетілуінде сұранысына толықтай мемлекеттік қызмет сапасын көтеру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдауға бейімделу;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайлардан басқа кездерде, азаматтардың өмірі мен арына және нағызына қатысты мәліметтерді лауазымдық өкілеттілігін орындау кезінде жариялануына жол бермеу;
 - мүдделер арасында дау-жанжал болу мүмкіндігіне жол бермеудің барлық шараларын қабылдау.

3.2. өз өкілеттілігі аясында басқарушылық және басқа да шешімдерді қабылдау және дайындау кезінде:

- шешім қабылдауға бағытталған бақылау шаралары және басқа да әрекеттерді жүргізу кезінде мәселелерді жан-жақты қарастыру, шешімді тек заңнамаларға сәйкес қабылдау;
- өзінің заңды міндеттерін орындауға байланысты шешімдер қабылдау кезінде ешқандай материалдық ынталандыруды, қызметтер мен басқа да қолайлылықты қабылдамау;
- заңды және жеке тұлғалардың заңды мүдделері мен құқығына қатысты шешімді қабылдауда ашықтықты қамтамасыз ету;
- лауазымдық міндеттіне сәйкес және берілген құқықтары аясында өз өкілеттілігін жүзеге асыру;
- көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша қызметтің және коммерциялық құпияны қамтамасыз ету және жасырындығын сақтау;
- жеке және заңды тұлғаларға ерекше коңіл бөлінуіне жол бермеу, лауазымдық міндеттін атқару кезінде олардың әсер етуінен тәуелсіз болу;
- еңбек тәртібін мұлтіксіз орындау, берілген өкілеттілігін нәтижелі орындау, өзінің қызметтік лауазымдарын сапалы, адалдықпен және бар ынтасымен орындау, өзінің жұмыс уакытын тиімді пайдалану.

3.3. құқықтық актілер жобасын дайындау кезінде:

- құқықтық актілерді дайындауға ұсыныс енгізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамаларындағы нормаларды қатаң ұстану;
- өзінің немесе келесі тұлғаның пайдасы үшін мақсаттағы құқықтық актілердің қабылдануына жол бермеу;

3.4. өмірлік маңызды саладағы спецификаға қатысты болатын өзара басқа да қарым-қатынас кезінде:

- мемлекет мүддесіне зиян келтіретін әрекеттерге немесе №17 Қалалық емхананың қызмет көрсету нәтижелілігін төмендетуғе және қайши келетін әрекеттерге қарсы тұру;
- тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкерінілік қарастырылған заңдарға қатысты әрекеттер мен басқа да заңбұзушылықтардың болуына жол бермеу;
- іскери этикет және ресми іс-әрекет ережелерін сақтау;
- басқа да қызметкерлер тарапынан қызметтік этика нормаларын бұзуға жол бермеу бойынша басқа да шараларды қабылдау немесе алдын алу;
- ұжымда әріптестердің жеке және кәсіби сапасын талқылауга, олардың намысы мен арына зиян келтіретін әрекетке жол бермеу;
- басшылықтың тапсырмасын орындау кезінде жан-жақты және нақты мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз ету.

4. Басқа да шектеулер мен тыйымдар:

- егер қызметкер сыйайлас жемқорлық туралы заңбұзушылық туралы ақпаратты білген жағдайда, ол алдын алу немесе ол заңбұзушылықтың тоқтатылуы бойынша қажетті шараларды қабылдауға міндettі, сонымен қатар комплаенс-офицерді және емхананың басшылығын жазбаша түрде ақпараттандыруға барлық шараларды қабылдауға міндettі. Сондай-ақ емхана қызметкери сыйайлас жемқорлық заңбұзушылығының болуына оны басқа тұлғаның жетелегені жағдайы туралы аталған жоғары тұлғаларға жазбаша түрде хабарландыруға міндettі.
- жеке және занды тұлғалардан өзінің лауазымдық міндettтерін атқару кезіне байланысты сыйақы алуға (сыйлықтар, ақшалай сыйақы, қызметтер, сауықтыру, демалу ақысын өтеу, көліктік шығындар және басқа да сыйақылар алу);
- жақын туыстары, жұбайлары мен жекжаттардың бірлескен қызметте (жұмыста) болуына жол бермеу.